

Сюжетті-рөлді ойындар 4-5 жас



Картотека №1 «Наурыз мерекесі»

Мақсаты: Ойында ұлттық мерекелермен салт-дәстүрлерді айқындап көрсету. Өз бетінше рөлдерді сәйкес бөлу олармен бірге іс әрекетті, диалогты рөлдік моделдеуге қоғамдық өмірде ойын түрін айқындап үйретуді жалғастыру. Өзі тұратын еліне құрмет, мақтанышпен қарауға тәрбиелеу.

Ойын барысы: Жүргізуші ролінде мерекенің басталуын хабарлап, бағыттап сюжетті-рөлді ойынды басқарады.

Балалардың ойынға жарыстарға қатысуы қонақтармен кездесуде қазақ халқының салт-дәстүрін еске түсіреді.

Барлық ойын түрінің іс-әрекетіне қатысады.



Картотека №2 «Химиялық тазарту»

Мақсаты: рөлдерді орындау сапасына бағытталған бірлескен іс-әрекетті қалыптастыру. Қажет болған жағдайда басқа затты қолдану. Қызмет көрсету саласы туралы түсініктерді ойында бейнелеу, химиялық тазарту қызметкерлері жайлы балалардың білімдерін бекіту. Есте сақтауды дамыту, балалардың сөйлеу тілін белсендіру.


Ойын барысы: Химиялық тазарту директорының ролінде қызметшілерді басқарады, әдептілік ережелерін естеріне түсіреді, келушілерге кезек күту ыңғайлы болу үшін жағдай тудырады: орындықтар қоюды ұсынады, үстел үстіне журналдарды қояды және т.б. Қызметшілерге түскі үзіліс болғанын хабарлайды және дәмханаға баруды ұсынады, келесі кезектің жұмысын бастайды.



Картотека № 3 «Телевизия»

Мақсаты: теледидар қызметкерлерінің рөлдік әрекеттерін бекіту, олардың еңбектері ұжымдық, жұмыстың сапасы барлық ұжымға байланысты екенін көрсету. Балаларға бұқаралық ақпарат құралдары туралы, адам өміріндегі теледидардың рөлі туралы ұғымдарын бекіту.

Ойын барысы: Бас редактордың рөлінде студияның барлық қызметкерлерінің әрекеттерін бағыттайды, хабардың тақырыбы мен сюжетін, телехабардың көрсетілу кезегін анықтайды.



Картотека №4 «Киім дүкені»

Мақсаты: Ойын барысында рөлдерді ойнай білуге үйрету.


Ойын барысы: Сатушы әртүрлі киімдер түрлері туралы әңгімелейді



Картотека №4 «Редакция»

Мақсаты: Сюжетті-рөлді ойын барысында әлеуметтік өмірде болып жатқан жағдайларды көрсету, саяхат, бақылау барысында көргендерін ойынға айналдыру біліктерін қалыптастыру. Бұқаралық ақпарат құралдары туралы, біздің өмірімізде газеттер мен журналдардың маңыздылығы туралы білімдерін бекіту. Балалардың тілдерін дамыту.

Ойын барысы: Бас редактордың рөлінде: журналистерді, фотосуретке түсірушілерді және басқа қызметкерлерді жұмысқа қабылдайды, Журналды, газетті жасау процесін басақарады. Тілшілерге тапсырма береді, журналдың макетін жасау жұмысын басақарады.



Картотека №5 «Мектеп»

Мақсаты: Балалардың мектепжайында білімдерін толықтыру.

Бірімұғалім бірі оқушы болып ойнай білуге үйрету. Үлкендердің іс-әрекетін қайталай білуге, мұғалім мен оқушының қарым-қатынастарының қандай болу керектігін көрсету. Ұйымдастырушылық қабілеттерін дамыту.



Картотека №6 «Шаштараз»

Мақсаты: Балаларды шаштараз ойынымен таныстыра отырып, шаштарының негізгі ережелерін үйрету. Шаш орудінің әртүрлілігін көрсету. Әсемдікке, әдемілікке баулу.



Картотека №7 «Отбасы»

Мақсаты: Отбасы мүшелерін білу, олардың отбасында атқаратын қызметін үйрету. Үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу. Бауырмалдыққа, мейірбандыққа баулу. Өздеріне берген рөлдерді дұрыс орындап, тату ойнауға тәрбиелеу.



Картотека №8 «Құрылысшы»

Мақсаты: Балаларды құрылысшының қызметімен таныстыру. Қаншама үйлер, мектеп, балабақшаны құрылысшылар салатынын түсіндіру. Ойын арқылы үйлерді қалай салатынын көрсету. Құрылысшы маманының еңбегі зор екенін саналарына сіңіру. Еңбектісүйебілугетәрбиелеу



Картотека № 9 «Аспазшы»

Мақсаты: Балаларды тағамның түрлерімен таныстыру. Оларға жасаудың қарапайым жолдарын түсіндіру. Астықадірлеуге үйрету.



Картотека № 10 «Аурухана»

Мақсаты: Өздіктерінен рөлдерді бөле білуге үйрету. Қызығушылықтарын арттыру. Бір-біріне деген қамқорлық тәрбиелеу.



Картотека №11 «Дүкен»

Мақсаты: Сатушының рөлін ойнай білу біліктілікке үйрету.



Картотека №12 «Жолаушылар»

Мақсаты: Балалардың көңілдерін көтеріп саяхатқа шығару. Саяхатқа баратын көлік түрлерімен таныстыру. Жолғашыққандабалаларғажолжүруережесінтүсіндіру.



Картотека №13 «Дәрігер»

Мақсаты: Балалардың білім деңгейін, ойындарды ойната отырып, әрі қарай жан - жақты дамыту, тіл байлығын жетілдіру, сөздік қорын молайту. Үлкендер еңбегін құрметтеуге, сыйлауға, адамгершілікке тәрбиелеу. Балаларды ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, адалдыққа, кішіпейілділікке тәрбиелеу.



Картотека № 14 «Зерттеушілер»

Мақсаты: Алдағы ойынның кезеңдерін алдын ала жоспарлау білім, білігін бекіту. Зерттеушілерге қажетті заттар мен құралдарды, сонымен қатар алмастырушы заттарды табу. Балаларды рөлдерді бөлуге және өзіне берілген рөлдерге сәйкес әрекет етуге үйрету. Ғылыми қызметкерлер туралы, олардың қызықты та қиын еңбектері, еңбектерінің өзіндік жағдайлары туралы білімдерін бекіту. Ойын диалогын үлгілеуге үйрету.

Ойын барысы: Ғылым академиясы директоры рөлінде зертхананы құруға жетекшілік етеді, зерттеу жүргізу үшін объектіні таңдауға көмектеседі. Ғылыми кеңестің жұмысын ұйымдастыру.



№ 15 «Қуыршақты ұйықтатамыз»

Мақсаты: Балаларды төсек атауларын атауға үйрету. Балаларды адамгершілікке, әдептілікке тәрбиелеу

Ойын барысы: Балаларды отырғызып, төсек – орны жинаулы тұрған кереуетті көрсетіп, біз қазір төсек – орындарды өз атымен жеке – жеке айтамыз. Мынау не? – дегенде сендер жауап бересіңдер.



Қуыршақты төсекке жатқызып, баяу дауыспен бәріміз «әй – әй, бөпем» өлеңін айтамыз.

Әй – әй бөпем, әй бөпем,

Ән айтайын, бал бөпем.

Ән тыңдағың келсе егер,

Және айтайын, жан көкем..

Бөпем менің ай мекен,

Шекер ме екен бал ма екен?

Ойнақтап бір бәйгеден,

Озып келер тай ма екен?

Әй – әй бөпем, әй бөпем,

Ұйықтадың ба, Бал бөпем.

Қуыршақұйықтап қалды деп, бәріміз ақырын, тарсылдатпай шығайық дейді.



Картотека №16 «Қуыршаққа қонаққа барамыз»

Мақсаты: Балаларды әдептілікке, сыпайы болуға баулу, мәдени – гигиеналық машықтардың қарапайым элементтерін қалыптастыру. Балаларды адамгершілікке, әдептілікке тәрбиелеу.

Ойын барысы:

Балаларды орындыққа отырғызып, «қазір қуыршаққа қуыршаққа қонаққа барамыз» — деп хабарлайды. «Қонаққа барғанда өзімізді жақсы ұстаймыз, айқайламай сыпайы сөйлесіп, тамақ ішкенде қасықты оң қолымызбен ұстап, салфеткамен ауыздарыңды сүртіңіз қолымызбен п, рахмет айтамыз» — деп тәрбиеші түсіндіреді. Ойыншық бұрышында үлкен әдемі дидактикалық қуыршақты отырғызып, тәрбиеші балаларды ертіп келеді.

— Есіктің қоңырауын шылдырлатқан болып, «дзың – дзың» — деп басады.

— Күтуші қуыршақты жетектеп, есікті ашқан боп, кіріңіздер, төрлетіңіздер, — дейді.

Қуыршақ: «Үстелге жақын отырыңыздар» — деп ұсыныс жасайды.

— Тәрбиеші, балалармен ойыншық шәйнектен су құйып қолдарын жуған болады.

Жерге дөңгелете отырып, ойыншық ыдыстармен тамақ ішкендегідей қимыл жасайды. Қасықты оң қолымызбен ұстап, тамақ алайық – деп тәрбиеші өзі көрсете отырып тамақтанады.

— Тағамыңыз өте дәмдә екен, рахмет — деп қуыршаққа бәрі ризшылығын білдіреді.

— Қуыршақ, енді көңіл көтерейік – дейді: «Мен сіздерге қазір би билеп беремін, сіздер бір әннің әуенін айтып, алақандарыңызды соғып сүйемелдеп отырыңыздар»

— Балалар би әуенін айтып, алақандарын соғады, «қуыршақ» билейді.

— Бәрі де шапалақтап, қошмет көрсетеді.

